

УДК 32

КАТАРДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС

Уразғалиева Мадина Мақсатқызы

madinka.urazgalieva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультеті,

«Шығыстану» мамандығы 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., А. Әлібекұлы

Соңғы уақытта Таяу Шығыста үлкен өзгерістер орын алуда. Бұл аймақтағы жаңа геосаяси дағдарыс тетігі пайда болды деп айтуға толық негіз бар. Әрі, бұл жолы әңгіме Сирия жайында емес. Ақпараттық тұрғыдан айтсақ, Катар мен Парсы шығанағының басқа монархиялары арасындағы шиеленіс Сирия тақырыбын басып кетті.

Өздеріңіз білетіндей, Катар Араб түбегіндегі мұнай мен газдың үлкен қоры бар шағын мемлекет. Жақында бұл шағын мемлекет Таяу Шығыс аймағының саяси картасында маңызды рөл атқара бастады. Мамандар болжағандай, осы аралықта Катардағы жағдай ушыға түссе де, әлі ашық формаға өткен жоқ. Дегенмен, Парсы шығанағы мен Таяу Шығыстағы ахуал аймақтағы елдерді ғана емес, сыртқы бақылаушыларды да алаңдатып отыр.

Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі ұйымына мүше елдер арасында Катарға байланысты терең дипломатиялық дағдарыс орын алды. Ұйымның белді мүшелері – Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Бахрейнмен қоса ірі мемлекет Мысыр, сондай-ақ, Мальдив аралдары, соғыс отына оранған Ливия мен Йеменнің үкіметтері 2017 жылдың 5 маусым күні Доханы Таяу Шығыстағы ахуалды шайқақтатып, террористік ұйымдарға қолдау көрсеткені, Иранмен қарым-қатынас жасағаны және араб елдерінің ішкі істеріне қол сұққаны үшін айтыптап, Катармен барлық дипломатиялық қарым-қатынасты үзетінін жариялаған еді [1].

Ресми мәліметтерге сәйкес қақтығыстың белең алуына Катардың араб елдерінде саяси ықпалы бар әртүрлі исламдық топтарды белсенді қолдауы болды. Мысырда «Мұсылман бауырлар» және салафиттер парламенттік сайлауда жеңіске жеткенде, Катар оларды белсенді қолдауға және қаржыландыруға кірісті. Палестинада Катар басшылығымен ХАМАС және ФАТХ ұйымдары, сондай-ақ Сириядағы террорлық топтар белсенді түрде қаржыландырылады. Бұл, әрине, теріс салдарға әкелуі мүмкін, себебі Таяу Шығыс - тұрақсыздық индексі жоғары аймақ болып табылады [2].

Мысырдың электронды басылымы <http://www.youm7.com> британдық және американдық құжаттарға негізделіп отырып: «Катар әлемдегі терроризмді қаржыландыратын орталық. Катар ДАИШ пен "Ливия таңы" атты қарулы топқа әуе жолдарымен қару-жарақ жіберетінін Батыстың жаңалықтары растайды» деген "терроризмнің шағын мемлекеті" атты мақаласын жариялады. Ал, Катарлық "Аль-Джазира" ақпараттық агенттігінің мәлімдеуінше, 2017 жылдың мамыр айында орын алған Катар ақпараттық агенттігі (Qatar News Agency) веб-сайтының хакерлік шабуылы қақтығыстың нақты себебіне айналды. Бұл мәселенің белең алуының екі нұсқасы шығып отыр. Бірінші жағынан, Катар үкіметіне сенетін болсақ, 24 мамырда мемлекеттің ресми ақпараттық агенттігі хакерлік шабуылға ұшырап, жалған ақпараттардың пайда болуына алып келді деседі. Екінші жағынан, Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктерінің бұқаралық ақпарат құралдары бұл мәселені шындық деп жариялады. Кейбір сарапшылардың мәлімдеуінше, хакерлік шабуыл 20-21 мамырда Эр-Риядта Дональд Трамптың қатысуымен болған саммитке Тегеранның қарсы іс әрекеті болуы мүмкін деген пікір айтысады [3].

Дипломатиялық қатынастармен қатар, Катармен теңіз және әуе байланыстары, банк операцияларына шектеулер, азық-түлік экспорттау жүйелері тоқтатылды. Бұл әрине жергілікті халықтың жағдайына біраз қиындықтар туғызды. Gulf Air, Egypt Air, Emirates, FlyDubai, Air Arabia, Saudi Arabian Airlines және Etihad Airways Катардан ұшатын және Катарға келіп қонатын рейстерді уақытша тоқтатты. Мұндай саясат Катардың әуе жолдарына үлкен соққы тигізді және экономикасына біршама зиян келтірді. Бахрейнның сыртқы істер министрлігінің мәлімдеуінше, Бахрейндегі барлық катарлық дипломаттар 48 сағат ішінде елден кету керек. Парсы шығанағының үш мемлекеті Катарлық қонақтарға мемлекеттен кету үшін екі апта уақыт берді.

Осыған байланысты Катардың сыртқы істер министрлігі Парсы шығанағы елдерінің дипломатиялық қатынастарды үзу туралы шешімін негізсіз айыптауға бағытталған деп мәлімдеме жасады.

Бұл екі мемлекет арасындағы келіспеушілік Кувейт арқылы іске аспақ болды. 3 маусымда Катар үкіметіне Кувейт эмирі арқылы 13 пунктен тұратын талаптар жіберілді. Соның ішінде

басты мәселелерін айтып кететін болсақ:

- аль-Джазира телеарнасын жабу;
- Иранмен дипломатиялық қарым-қатынасты тоқтату;
- Түркиямен әскери ынтымақтастықты тоқтату және елдегі түрік әскери базасын жою;
- ақшалай өтемақы төлеу [4].

Әрине, мұндай талаптар Катар үшін орындауға мүмкінсіз жағдай. 4 шілдеде Кувейт үкіметінің Министрлер кабинеті және ақпарат министрі шейх Мухаммед Абдалла аль-Мубарак ас-Сабах Сауд Арабиясының Сыртқы істер министрі Адель аль-Джубейраға осы өтініштерге байланысты Катардың ресми жауаптарын жеткізді. Катардың пікірі бойынша бұл 13 талаптардың орындалуы іс жүзінде мүмкін емес деп мәлімдеді. Әрине Сауд Арабиясының, Біріккен Араб Әмірліктерінің және Мысырдың сыртқы істер министрлері осы жағдайға байланысты өз өкініштерін білдіріп, Катардың осы мәселеге немқұрайлық қарағандығын мәлімдеді. Сауд Арабиясының сыртқы істер министрі Адель аль-Джубейр Катарға байланысты блокаданың әрі қарай жалғасатынын айтты. Тіпті осы мәселеге сәйкес, алты араб мемлекеттері Халықаралық футбол федерациясынан 2022 жылғы футболдан әлем чемпионатын Катарда болмауын талап ету туралы ұсыныстарын берді. Олардың пікірінше, Катар футболды тамашалауға келетін қонақтарға және футбол ойыншаларына жеткілікті қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды [5].

Осы орын алған мәселеге әр сарапшы әр түрлі пікірлерін білдіреді. Соның ішінде ТМД елдерінің Шанхай ынтымақтастық ұйымының еуразиялық интеграция және даму бөлімінің меңгерушісі Владимир Евсеев былай ойлайды: «Сауд Арабиясы Катардан сунниттік әлемде олардың біріншілігін тануын талап етеді. Егер Катар осындай қадамға барса, онда екі мемлекет арасында бейбітшілік орнайды. Бірақ бұл салыстырмалы түрде ғана, өйткені АҚШ-пен үлкен қаржы ресурстары мен байланысы бар Катар, өз саясатын жалғастыруға тырысады. Сондықтан, дағдарысты сөзсіз деп санаймын» [6].

«Катармен дипломатиялық қарым-қатынастың үзілуі мен көлік блокадасын енгізу туралы шешім, бұл Қатардың араб әлеміндегі оппозициялық топтар мен қозғалыстар үшін, әсіресе саяси исламдық топтардың баспанасы болғандықтан қабылданды. Сонымен қатар, бұл қозғалыстарға бұқаралық ақпарат құралдарында трибунал берілді», - деген пікірін Египет саясатшысы, Араб әлемімен қарым-қатынас мәселелері бойынша бұрынғы Мысырдың Сыртқы істер министрінің көмекшісі Хуссейн Хариди білдіреді [7].

Эльдар Касаевтың айтуы бойынша: «Бейбіт түрде реттеу үшін алғышарттар өте жақсы жасалып жатыр. Доха қарсы шабуылға шықпады, осылайша ол күрестен жоғары екенін және соққыға қарсы төтеп бере алатынын көрсетті. Бұл дана және психологиялық тұрғыдан дұрыс қадам» [8].

Түркия президенті Реджеп Тайип Эрдоган және Ресей президенті Владимир Путин, осы орын алған мәселеге қызығушылық танытып отырған мемлекеттерге Парсы шығанағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында халықаралық диалог құруды ұсынған болатын. Мұндай қадамдар Катардағы дағдарысты шешуде үлкен өзгерістер әкелмесе де, белгілі бір оң септігін де тигізуі мүмкін. Әрине, мұндай халықаралық саясатқа, экономикаға әсерін тигізіп отырған Таяу Шығыстағы мәселе, Катармен, сондай-ақ, Парсы шығанағындағы елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып отырған мемлекеттермен қоса шешілуі тиіс деп ойлаймын. Себебі, бір жағынан бұл Араб әлеміндегі мемлекеттер арасында торқырау туғызуы мүмкін, екінші жағынан Араб әлемімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып отырған мемлекеттер үшін де белгілі бір мөлшерде кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осы жерде неге Катар деген сұрақ қойылады? Бұл дұрыс сұрақ. 20-21 мамырда Эр-Риядта өткен Араб-американдық саммит барысында АҚШ президенті Дональд Трамп жаңа «зұлымдық осын» белгіледі. Бұл Иран–ИГИЛ [9].

Менің ойымша, бұл Сауд Арабиясының араб әлеміндегі біріншілік орын алуына бағытталған іс әрекеті. Себебі, біз білетініміздей Катар өзі кішкентай территориялы әмірлік болса да, газ бен мұнай экспорттаушы елдердің арасында алдыңғы қатарға шығып отыр. Әрине, Парсы шығанағы елдерінің арасындағы бірінші орында тұрған және сунниттік әлемнің

көшбасшысы ретіндегі Сауд Арабиясына бұл ұнамаған болар. Бұл «Араб көктемінен» бері көрініс тауып келе жатыр.

Бұл дағдарысты шешу үшін алдымен дипломатиялық кездесулер, талқылаулар өткізген жөн. Осы және басқа да жағдайларға қарап Катардағы дағдарыстың аймақтық және әлемдік державалардың ықпалынсыз шешілмейтіні айқындалып келеді. АҚШ-тың осы мәселеге байланысты Вашингтонда дипломатиялық отырыс өткізуді ұсынғаны дұрыс қадам деп санаймын. Себебі, Түркия мен АҚШ секілді беделді ойыншылардың белсенді атсалысуы, Катар жағдайын реттеуге оң әсер етуі әбден мүмкін. Бірақ, Араб мемлекеттерінің «ортақ жауды» атағанымен, Катардағы дипломатиялық дағдарыс бізге Араб мемлекеттерінің бір-бірімен біріге алмайтындығын айқын көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. И.Д. Ибрагимов. Политика Катара относительно терроризма. 2017. 29 с.
2. Панин В.Н., Рябцев В.Н. К проблеме прогнозирования динамики геополитически нестабильных регионов современного мира (на примере Ближнего и Среднего Востока) // Вестник Пятигорского государственного лингвистического университета. 2014. № 2. С. 263-269.
3. А.В. Глазова. Проблемы национальной стратегии // Центр координации исследований РИСИ. 2019. №1 (52). С. 98-108.
4. Арабские страны требуют от Катара разрыва дипотношений с Ираном. URL: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/4360183>
5. Ю.Свешникова. Перекрестки интересов в Катарском кризисе. Москва-Женева. 2017. №6 (246). С. 2-3.
6. Владимир Евсеев. Катар и Саудовская Аравия: окончательный разрыв?
7. URL: <http://ru.valdaiclub.com/a/highlights/katar-i-saudovskaya-araviya/>
8. Арабский мир отвернулся от Катара: у каждой страны свои причины. URL: <https://ria.ru/20170605/1495861822.html>
9. Эльдар Касаев. Размолвка по-соседски. Причины демарша против Катара // Стратегия России. 2017. №8. 58 с.